

Тақырыбы: “Жанұя және математика”

Мақсаты: Білімділік Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, ой-өрісін дамыту, алған білімдерін пысықтау

Тәрбиелік: оқушыларды ұйымшылдыққа, нақты пәнге қызығушылыққа, жауапкершілікке, өзін-өзін тәрбиелеуге тәрбиелеу

Дамытушылық: ұйымдастырушылық қабілетін дамыту

Көрнекілігі: Үлестірмелі тапсырмалар, логикалық есептер, тест сұрақтары

Түрі: топтық сайыс

Типі: ойын түрінде

- ЖОспары: I. Топтың өзін таныстыруы амандасу рәсімі
II. Тапқырлық сайысы (логикалық сұрақтар)
III. Біліктілік сайысы (есептер шығару, кесте толтыру)
IV. “Қас –қағым” сәт (берілген сұрақтарға тез жауап беруі керек)
V. “Ойымды жалғастыр” (мақал-мәтел жалғасын табу)
VI. “Тез санап шық” (1-ден 30 ге дейінгі сандарды тез жаңылыспай санап шығуы керек)
VII . “Әзіл сұрақтар” (логикалық сұрақтар)
VIII. Жұмбақтар сайысыТест сұрақтары

1.Уа халайық, халайық
Бәріңе жар салайық
Бүгінгі кеш төріне
Математика тілінде
Жанұялар жарысып,
Жұмбақ шешіп аңдысып
Шабыт тасып шалқысып
Есеппен ән салады
Көңілді кеш жасаймыз

2.Жанұяда ылғи дарындар
Жүректе от көздерінде жалын
бар
Дайындықпен келіп тұрған
жарысқа
Есеп білсе жетеді ғой табысқа
“Алғырлар” тобын халайық
Құрметпен қарсы алайық

3.Біріміз-Күн, біріміз ай-Ай болайық,
Жарыстың атына тек сақ болайық
Іске сәт деп көпшілік бата берсе,
Тапқырлар деп өз топтарын атаған
Жанұны шақырғымыз келеді

Әкем, шешем, әпкем, ағам және мен “Математик жаұямыз шетінен” деген ұранмен өтетін “Жанұя және математика” атты 5,6,7 “а” және 5,6,7 “ә” сынып оқушыларымен олардың ата-аналарынан құралған топтардың бүгінгі жарысын бағалайтын әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

Жарысымыздың алғашқы туры: “Топтардың өзін-өзі таныстыруы” деп аталады.

II. Тапқырлар сайысы: Логикалық сұрақтар

Алғырлар тобыны:

1. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 сандарының қосындысы көп пе, көбейтіндісі көп пе?
2. Ең кіші үш таңбалы сан
3. Жыл он екі айдың ішінде 30 және 31 сандары ауысып отырады. Ал 28 саны қай айда кездеседі
4. Қай сандардың қосындысы 5-ке, көбейтіндісі 6-ға тең?
5. Қай сандардың қосындысы 3-ке, ал көбейтіндісі 2-ге тең

Тапқырлар тобына:

1. Ағаш үстінде 100 торғай отырды. Аңшы 10 торғайды атып алды. Торғайдың қаншасы қалды.
2. Үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың біреуін атып алды. Олардың қаншасы қалды.
3. Қандай сан барлық санға қалдықсыз бөлінеді?
4. 30 санын үш 6-ны пайдаланып шығар
5. Ұшақ Зайсаннан Алматыға дейін 1 сағ 20 мин ұшады, ал кері қарай 80 минут ұшады. Бұл айырмашылықты қалай түсінуге болады.

Алғырлар тобына:

Есептердің жауабына сәйкес кестені толтырса, ұлы ғалымдардың аты шығады.

Д. $0,25+0,46$

А. $13,123+5,024$

М. $38,4+2,06778$

Х. $0,83+1,6079$

Р. $5,607-0,193$

И. $9,004+13,8$

Е. $47,749-0,251$



Тапқырлар тобына:

Р. $15,4+0,2$

Е. $9,003+0,25$

З. $8,224-6,43$

Х. $47,793-0,254$

И. $6,221+0,24$

М. $9,02+6,04$

О. $7,921-4,71$



18,147	5,414	2,4379	22,804	40,46778	47,498	0,71
А	Р	Х	И	М	Е	Д

47,539	3,211	15,6	9,253	1,794	15,06	6,461
Х	О	Р	Е	З	М	И



Қас-қағым сәт” (берілген сұрақтарға тез жауап беруі керек)

- Бұрышты өлшейтін құрал? -----
- Қиылыспайтын екі түзу-----
- Қандай сан барлық санға қалдықсыз бөлінеді-----
- Ұзындықтың өлшем бірлігі?-----
- Екі нүктенің арасындағы түзу-----
- Берілген шаманың 1/100 бөлігі-----
- Заттрады өлшеу үшін қолданылатын сандар?-----
- Республика күні-----
- 5 санына кері сан-----
- Тәуелсіздік күні-----
- Қандай санның жазылуында қанша әріп болса, сонша цифр бар-----
- Ең үлкен екі таңбалы сан-----
- Қазақтың үш биін ата-----
- Ең кіші жай сан-----
- Біз тұрған планета -----
- 4 қойда неше аяқ бар
- 3 жарым таяқтың неше ұшы бар-----
- 7 жай сан ба, құрама сан ба-----
- Жылдың неше айында 28 күн бар
- Қандай 3 санның көбейтіндісі олардың қосындысына тең

Ойымды жалғастыр (әр команда шапшаң жауап беруі керек)

- Жеті жұрттың тілін біл-----
- Білекті бірді жығар-----
- Екі жақсы қас болмас-----
- Досыңды үш күн сынама -----
- Бір елі ауызға-----
- Жүз сомың болғанша-----
- Отыз тістен шыққан сөз-----
- Білгенің бір тоғыз-----
- Бір кісі қазған құдықтан-----
- Бес бармақ жиналса-----
- Жетіге келгенше-----
- Қырақта қылаң,-----
- Болар бала жеті жастан-----
- Мың досың болсада-----
- Отыз күн ойын-----
- Елу –ердің жасы, алпыс-бір сұмдықтың басы-----
- Жігітке жетпіс өнерде-----
- Жүз есе тырыссаң да, мезгілі жетпей-----
- Он мың сөздің түйінін-----
- Отызыңда орда бұзбасаң-----

1	3	14	19	5
18	8	28	23	9
4	15	2	20	13
24	11	21	7	22
6	25	12	27	16
30	10	29	17	26

Әзіл сұрақтар

- Дайындауға болады, бірақ жеуге болмайды
- Жерден көтеруге оңай, бірақ алысқа лақтыруға қиын
- Қалайша жұмыртқа 3 метр ұшып жарылмауы керек
- Қалай 10 метр сатыдан секіріп жараланбауға болады
- 2 әкесі және 2 баласы 3 қоянға ұстап алды. Әрқайсысына неше қояннан кееді
- Бір-бірімен жарысқа
- Төрт аю бір арыстан
- Екі қоймен бір түлкі
- Бәрі нешеу кім білді

Жұмбақтар

- Жоқ өзінде баста қас та, мойында
- Ұзындығы жазулы тұр бойында
- Нәрселерді санағанда
- Керек ол бізге ауадай
- Айтыңдаршы бұл қандай сан
- Жан-жағыңа қарамай
- Доп емес, дөңгелек емес,
- Ұқсас бірақ достарым
- Фигура ол ең негізгі
- Дәл жаупты қостадым
- Жаңылмастан жетеуі
- Кезек қызмет етеді
- Айқасқан екі таяқ, сұрады жоқты сұрап
- Алды артымыз шексізде
- Жете алмайсың біздерге
- Сәуле менен кесінді
- Шыққан еді біздерден

Тест сұрақтары

- Натурал сандар дегеніміз не?
- А)Нәрселерді санауға қолданылатын сандар
- В)Заттарды санау үшін қолданылатын сандар
- Жай сан деп қандай санды айтамыз?
- А)Өзіне бөлінетін сандар
- В)1-ге және өзіне бөлінетін сандар
- Екі теріс санның қосындысы неге тең?
- А)Оң сан
- В)Теріс сан
- Таңбалары әр түрлі екі санның бөліндісі?
- А)Теріс сан
- В)Теріс,оң сан
- Алымы бөлімінен үлкен бөлшек не деп аталады?
- А)Бұрыс бөлшек
- В)Дұрыс бөлшек
- Екі оң санның көбейтіндісі неге тең?
- А)Оң сан
- В)Теріс сан
- Таңбалары әртүрлі екі санның көбейтіндісі?
- А)Теріс сан
- В)Теріс сан,оң сан
- Бұрышты өлшейтін құрал?
- А)Компьютер
- В)Транспортир

Қорытынды

- Біреу озса жарыста
 - Біреу артта қалады
 - Ренжімей тараса
 - Озбағандар жарады
 - Жарыс заңы ежелден
 - Жеңімпазды анықтау
 - Жеңімпаз болу шарты сол
 - Еңбектену жалықпау
 - Жарыстың соңғы сәті таяп қалды
 - Демеңіздер өнерлерді аяп қалды
 - Әділқазы сіздерге сөз береміз
 - Жеңімпаздар кім болып сарапталды
-
- Алдыңызда жайнаған жүздер әні
 - Сіздерменен кездесеміз біздер әлі
 - Әділ қазы, көрермен сау тұрыңыз
 - Күтеді бізді жарқын күндер әлі